

Шарбақты ауданы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулысын күші жойылған деп тану туралы

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 27 тамыздағы № 247/9 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шарбақты ауданы әкімдігінің бұрын қабылданған, 2013 жылғы 18 желтоқсандағы "Шарбақты ауданы бойынша нысаналы топтардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" № 431/12 қаулысының (Павлодар облысы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 08 қаңтарда № 3656 болып тіркелді, 2014 жылғы 16 қаңтардағы аудандық № 3 "Маралды" және "Трибуна" газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Ыбыраев